# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 желтоқсан іс №1013-25-00-2/2044 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 104 568 (жүз төрт мың бес жүз алпыс сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 5103 (бес мың жүз үш) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** (қолы) **Туратпаев С.Ш.**

Көшірме дұрыс.

**Судья** **Туратпаев С.Ш.**

АНЫҚТАМА.Сот шешімі «13».01.2026 ж. Заңды күшіне енді.

**Судья** **Туратпаев С.Ш.**